

Ақмола облысы Бурабай ауданы Бурабай кентінің кейбір көшелерін қайта атау туралы

Ақмола облысы Бурабай ауданы Бурабай кенті әкімінің 2022 жылғы 11 қарашадағы № 14 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 18 қарашада № 30620 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Бурабай кенті халықының пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 23 маусымдағы қорытындысы негізінде, **ШЕШТІМ:**

1. Ақмола облысы Бурабай ауданы Бурабай кентінің келесі көшелері қайта аталсын:
Советская көшесі Абай көшесіне;
Школьная көшесі Сәкен Сейфуллин көшесіне;
2-я Советская көшесі Ыбырай Алтынсарин көшесіне;
Комсомольская көшесі Ілияс Есенберлин көшесіне;
Озерная көшесі Шәмші Қалдаяқов көшесіне;
Степная көшесі Шоқан Уәлиханов көшесіне;
Интернациональная көшесі Қарбай Мұсабаев көшесіне.
2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бурабай кентінің әкімі

С.Джалмуканов